

Тиімді тәжірибелік семинар

Елбасының «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында 24 қаңтар 2018 жылы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің 19.01.2018 жылғы №329 сұранысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасымен университет базасында тәжірибелік семинар болып өтті. Семинар 4 курс студенттеріне, іс-тәжірибе жетекшілері мен әдіскерлерге арналған. Семинардың мақсаты болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-тәжірибеден өту кезінде атқаратын жұмыстарына бағыт-бағдар беру, қазіргі заманауи білім саласындағы өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар ету және білім беру ұйымдары мен маман дайындайтын ЖОО арасындағы байланысты орнату және нығайту. Семинар ұйымдастырушысы «Жаратылыстану» факультетінің деканы педагогика ғылымдарының кандидаты Бейсенова Гульбахрам Исмаилқызы. Семинарға 58 студент, 16 оқытушы қатысты.

ОҚО білім басқармасының әдістемелік кабинеті директорының инновациялық жұмыстары жөніндегі орынбасары Тұрсынбаев Абай Закирұлы кіріспе сөз сөйлеп, семинарда дәріс оқып, тренинг жүргізушілермен таныстырып өтті.

Панова Айгүл Нәбижанқызы ОҚО білім басқармасының әдістемелік кабинетінің "Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету" бөлімінің басшысы "Орта мектептегі білім мазмұнын жаңарту" тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада жаңартылған білім мазмұны бойынша ЖМББС ерекшеліктері мен өзгерістеріне жалпы шолу жасады. Тілдік пәндерге айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыру, функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары, «Шиыршықты» оқытудың мазмұны түсіндірілді.

Қожахметова Айзада Қантбекқызы ОҚО білім басқармасының әдістемелік кабинетінің инновация бойынша әдіскері «Қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасау әдістемесі» және «Қалыптастырушы бағалаудың формалары» тақырыбында тренинг жүргізді. Тренинг барысында жаңартылған білім мазмұны бойынша жалпы бағалаудың маңыздылығы, оның түрлері мен қолдану әдістемесіне талдау жасалып, қысқа мерзімді сабақты жоспарлаудың шаблон бойынша барлық бөлімдеріне жан-жақты тоқталып, семинар қатысушыларымен топтық жұмыс жүргізілді. Болашақ мұғалімдер топтық жұмыс барысында оқу мақсатына жету үшін тақырыпқа сай тапсырма дайындауды, дескрипторлар құруды, бағалаудың түрлі әдістерін қолдануды, сабақтың өн бойында оқушыларға кері байланыс беруді, рефлексия жасаудың мұғалім үшін өте маңызды екендігін түсінді. Семинар соңында қатысушылар кері байланыс бере отырып, өз ұсыныстарын білдірді.

Ұсыныстар негізінде алдағы уақытта ОҚО білім басқармасымен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, түрлі іс-шараларды бірлесіп өткізу жоспарлануда.